







12.3.2.1 көпжақтар мен айналу денелерінен комбинациясын бейнелеу (куб, параллелепипед, призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера, шар);

Дене комбинациялары мен сипаттамалары	сызба
<p>Егер шар призманың барлық жақтарымен жанасып тұрса, онда шар призмаға іштей сызылған болады.</p>	
<p>Егер призманың барлық төбелері шардың бетінде жатса, онда шар призмаға сырттай сызылған болады.</p>	
<p>Егер шар пирамиданың барлық жақтарымен жанасса, онда шар пирамидаға іштей сызылған болады.</p>	
<p>Егер пирамиданың барлық төбелері шардың бетінде жатса, онда шар пирамидаға сырттай сызылған болады.</p>	


Егер цилиндрдің табыны призманың табанына іштей сызылған болса, онда **цилиндр тік призмаға іштей сызылған** болады.




Егер цилиндрдің табандары призманың табандарына сырттай сызылған болса, онда **цилиндр тік призмаға сырттай сызылған** болады.




Егер цилиндрдің бір табаны пирамида табанында жатса, басқа табаны цилиндрдің табанына параллель жазықтыққа іштей сызылған болса, онда **цилиндр пирамидаға іштей сызылған** болады.




Егер пирамида табаны цилиндр бір табанында іштей сызылған болса, ал пирамида төбесі цилиндрдің басқа табанында жатса, онда **цилиндр пирамидаға сырттай сызылған** болады.




Егер конустың табаны призма бір табанында іштей сызылған болса, ал конустің төбесі призманың басқа табанында жатса, онда **конус призмаға іштей сызылған** болады.



Егер призманың бір табанының төбелері конустың бетінде жатса, ал басқа табанының төбелері конустың табанында жатса, онда **конус призмаға сырттай сызылған** болады.



Егер конустың табаны пирамиданың табанына іштей сызылған болса, ал конустың төбесі пирамида төбесімен сәйкес болса, онда **конус пирамидаға іштей сызылған** болады.



Егер конустың табаны пирамиданың табанына сырттай сызылған болса, ал конустың төбесі пирамида төбесімен сәйкес келсе, онда **конус пирамидаға сырттай сызылған** болады.

